

АКЦИЯЛАР ШЫГАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІ «АЙДАЛА МҰНАЙ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ («АЙДАЛА МҰНАЙ» АҚ)

«Уәкілетті органның жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымының проспектін мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Акциялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және қоғам мен орналастырылған акцияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болыш табылатындығын растайды.».

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның атауы

➢ қазақ тілінде:

- толық: «Айдала Мұнай» акционерлік қоғамы;
- қысқартылған: «Айдала Мұнай» АҚ;

➢ орыс тілінде:

- толық: Акционерное общество «Айдала Мунай»;
- қысқартылған: АО «Айдала Мунай».

Атауы өзгерген жоқ.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

- «Айдала Мұнай» АҚ (бұдан берлай - «Қоғам») 28 қыркүйек 2010 жылы Алматы қаласы Әділет департаментімен тіркелген. 28 қыркүйек 2010 жылғы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 106044-1910-АО, БСН 100940017077.

4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

- ҚР ҚҚА Басқармасының 28.05.2007ж. № 155 қаулысына сәйкес алымын тасталған.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электронды поштасы туралы ақпарат

Занды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Фурманов к-сі, 149, 18-көнсе.

Нақты мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Фурманов к-сі, 149, 18-көнсе.

Тел. 2583806, факс 2583819; E-mail: hcompany1@rambler.ru

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері

Банк: АҚ «Қазақстан Халық Банкі», АҚ, Алматы қалалық филиалы №139900

ЖИК KZ826010131000135531

БИК: HSBKKZKX

Кбе 17

7. Акционерлік қоғамның қызмет түрлері

Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

- Минералдық ресурстарды өндіру, кенорындарын қазу;
- Ұнғымалар салу, көтеру, пайдалану, құбырлар, қойма имараттарын жинау, кенорындарына арналған жабдықтарды өндіру және тасымалдау;
- өндірістік және өндірістік емес мақсаттарға арналған нысандарды салу, жөндеу, пайдалану;
- барлау, қазу, геологиялық зерттеулер жүргізу, зерттеу инженериясы, қазу жөніндегі басқа қызмет;
- мұнай мен газ өндіру;
- мұнай өнімдерін, басқа да көмірсуге шикізатын өндіру, сату;
- жоғары сапалы технологияларды қолдану, бұргылау операцияларын жасау, мұнай-газ жабдықтары мен имараттарын өндіру, сату, жөндеу;
- минералдық ресурстарды барлаумен, өндірумен, өндеумен байланысты жоба-сметалық құжаттаманы өзірлеу;

- қолдайтын және сервистік станцияларды қалыптастыру, жанар-жагар май материалдарын сату;
- Лизинг және маркетинг;
- Тұтыну тауарларын өндіру, өндеу, сату;
- Жарнама және ақпараттық қызметтер;
- Жол, көлік, жүк, фрахталау қызметтер атқару;
- Қонақ үй бизнесін ұйымдастыру;
- Консалтингтік қызметтер атқару;
- Жобалау-зерттеу жұмыстары, құрылым-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары;
- ҚР қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлері.

8. Акционерлік қоғамға немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер. Қаржы агенттігі мәртебесін беру туралы мәліметтер

- Рейтингтер жоқ.
- Қоғамнің қаржылық агенттік мәртебесі жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген мерзімдері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары

- Филиалдары жоқ.

10. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, соңғы аяқталған үш қаржы жылды ішінде акционерлік қоғамның қаржылық есебінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні)

- Осы проспект құрастырылған күнге дейін аудиторлық қызметтер көрсетуге шарттар жасалған жоқ.

Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, сәйкес қызметтер көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілердің толық ресми атауы

- Осы проспект құрастырылған күнге дейін заң және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілермен қызметтер көрсетуге шарттар жасалған жоқ.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен жасалған шартты бұзу орын алған болса, тараптардың қайсысының бастама көтергендігі туралы корсетіп, шартты бұзу себебі туралы ақпарат беру керек.

- Аудиторлық компаниялармен және кеңесшілермен шарттарды бұзу фактілері жоқ.

11. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда)

- Корпоративті басқару кодексі Қоғам акцияларының шыгарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акционерлердің бірінші жалпы жиналысымен бекітіледі.

11-1. Акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын айқындау әдістемесін бекіткен күн

- Қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын айқындау әдістемесі «Айдала Мұнай» акционерлік қоғамы құрылтайшыларының жалпы жиналысының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі хаттамасымен бекітілген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ МЕН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

12. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі

- Директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамы, үміткерлер, өкілеттіктер мерзімдері, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен төлем тәртібін анықтау Қоғам акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акционерлердің бірінші жалпы жиналысымен сайланады.

12-1. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері (болса)

- Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері қарастырылмаған.

12-2. Тұрақтандыруши банк банкті басқару жөніндегі қызметті атқаратын уәкілетті тұлғаны (уәкілетті тұлғаларды) көрсетеді.

- Қоғам банк емес.

12-3. Ішкі аудит қызметі (болса)

- Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне төленетін жалақы мен сыйақы мөлшерін, талаптарын анықтау Қоғам акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін Директорлар кеңесінің бірінші хаттамасымен сайланады.

13. Акционерлік қоғамның алқалық (дара) атқарушы органды

- Атқарушы органдың сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі, басшысы мен мүшелерін (атқарушы органдың функцияларын дара атқаратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғам акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін Директорлар кеңесінің бірінші хаттамасымен сайланады.

2010 жылғы 01 қарашадағы Қоғамның уәкілетті тұлғасы - Калмырзаева О. А.

Уәкілетті тұлғаның аты-жөні, туылған жылы	Қазіргі кезде атқарып жүрген және соңғы үш жылда атқарған қызметтері, қызмет ете бастаған күні	Акцияларының қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы, (%)	Лауазымға тағайында лған күн
Калмырзаева Орынкуль Абильдаевна 11.02.1966ж.	2006 жылдын қазіргі кезге дейін «House Company» ЖШС администратор. 2010 жылғы 21 қыркүйектен бері «Айдала Мұнай» АҚ уәкілетті тұлғасы	жок	21.09.2010ж. бері «Айдала Мұнай» АҚ уәкілетті тұлғасы

14. Соңғы қаржы жылы ішінде қоғамның осы проспектісінің 12 және 13-тармақтарында аталған тұлғаларға төленген сыйақы мен еңбекақының жалпы сомасы, берілген жеңілдіктер

- Проспект құрастырылған күні Қоғамның лауазымды тұлғаларына сыйақы мен жалақы төленген жоқ.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы

1) Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері

- 01.11.2010ж. құрылымдық бөлімшелер құрылған жоқ.

2) Акционерлік қоғам қызметкерлерінің, соның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жұмыскерлерінің жалпы саны

- 01.11.2010ж. штат кестесі бекітілген жоқ.

3) Акционерлік қоғамның акцияларына ие акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және орналастырылған акциялардың жалпы санындағы олардың жиынтық үлесі, пайызбен

- Акциялар шығарылымы тіркелмегендіктен, Қоғамның акцияларына ие қызметкерлері жоқ.

4) Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, болса, экесінің аты, туылған жылы)

- 01.11.2010ж. құрылымдық бөлімшелердің басшылары жоқ.

5) Филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары туралы мәліметтер (аты-жоні, болса, экесінің аты, туылған жылы)

- 01.11.2010ж. филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері)

01.11.2010ж. Қоғамның құрылтайшылары – 2 (екі) жеке тұлға.

- Байсенов Даulet Оразович (20.03.1961 ж.т.) алдын ала әрқайсысының номиналды құны 1000 (Бір мың) теңге болатын, жалпы сомасы 36 032 000 (отыз алты миллион отыз екі мың) теңгеге 36 032 дана жай акцияны төледі;
- Оразиман Куат Рафакұлы (24.06.1962 ж.т.) алдын ала әрқайсысының номиналды құны 1000 (Бір мың) теңге болатын, жалпы сомасы 36 032 000 (отыз алты миллион отыз екі мың) теңгеге 36 032 дана жай акцияны төледі.

Акционер тіркелген акциялардың 10 және одан да көп пайызын иелене бастаған күн - жоқ, себебі акциялар тіркелмеген.

17. Акционерлік қоғам ірі акционер болып табылатын немесе ұйымның жарғылық капиталындағы үлестердің он және одан да көп пайызына ие ұйымдар туралы мәліметтер

- 01.11.2010ж. Қоғам қандай да бір ұйымның ірі акционері (немесе жарғылық капиталдағы үлестердің он және одан да көп пайызына ие) емес.

18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

- 01.11.2010ж. Қоғам өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарына, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатысқан жоқ.

19. Акционерлік қоғамның басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер

- Акциялар шығарылымы тіркелмегендіктен, Қоғамның аффилиирленген тұлғалары жоқ.

20. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен жасаган мәмілелері

- Жоқ.

3. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТИНІҢ СИПАТТАМАСЫ

21. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

- Қоғамның негізгі қызмет түрі – Ақтөбе облысындағы жер бетіндегі мұнай қорларын қазу, мұнай және басқа да көмірсутегі шикізатын барлау және өндіру.
- Ақтөбе облысы бойынша жер қойнауын пайдаланушылар Қоғамның бәсекелестері болып табылады. Ақтөбе облысында аумағында көмірсутегі шикізаты кенорындарын игеру саласында – 33, қатты пайдалы қазбалар бойынша – 18, жалпы таралған пайдалы қазбалар бойынша – 69 жер қойнауын пайдалануыш қызмет атқаруда. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ Ақтөбе облысында түрлі аспектілеріне тікелей әсер ететін мұнай нарығының кешбасшысы болып табылады. Компанияның үлесіне мұнай саласындағы өндірістің 79,3%, газ өндірісінің 93,1 % келеді.

22. Акционерлік қоғамның негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

➤ **Оң факторлар:**

- Халықаралық нарықта мұнай мен газ бағасының өсуі;
- Қазақстан Республикасындағы экономикалық деңгейдің және саяси тұрақтылықтың артуы,
- Қоғам кенорындарының географиялық ынғайлы орналасуы (Ресейге жақын) Қоғам өнімдері мен қызметтерінің өзіндік құнын қомақты азайтуға мүмкіндік береді,
- Қоғамның өндірістік инфрақұрылымын жаңарту және көмірсутегі шикізатын қазу, барлау, өндіру кезінде жаңа технологияларды қолдану.

➤ **Теріс факторлар:**

- Қоғамның мұддесіне қатысты заңнамадағы өзгерістер;
- Халықаралық деңгейдегі көмірсутегі шикізатына бағалардың төмендеуі немесе оқыс ауытқуы,
- Қазақстан Республикасында көлік және өндірістік инфрақұрылымның дамымауы – осы теріс факторлар ішкі және сыртқы нарықтарда мұнай мен газды тасымалдау кезінде мұнай компаниялары үшін қындықтар құрады.

23. Қоғамның қолындағы бар лицензиялары (патенттері), олардың жарамдылық мерзімі туралы ақпарат, қоғамның зерттеулерлерге және әзірлемелерге, соның ішінде қоғам демеуші болған зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындары

- 01.11.2010ж. Қоғамның лицензиялары (патенттері), зерттеулер мен әзірлемелерге шығындары болған жоқ.

24. Соңғы екі жыл ішінде немесе акционерлік қоғам нақты қызмет атқарған кезең ішінде таратылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) колемдері

- Қоғам проспекті құрастырылған күні жарғылық қызмет атқарылмағандықтан, таратылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемі туралы ақпарат жоқ.

25. Қоғамның өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды үйімдастыру бойынша қызметі

- 01.11.2010ж. Қоғам тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) тұтынушылары болған жоқ.

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар

- 1) мезгілдік сипаттағы қызметтің түрлері, акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі олардың үлесі
 - Қоғамның қызметі мезгілдік сипатқа ие емес.

- 2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) импорттық үлесі және таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі акционерлік қоғам экспортқа шығаратын өнімнің (жұмыстарының, қызметтерінің) үлесі
 - 01.11.2010ж. Қоғамның шикізат (жұмыстар, қызметтер) импорты мен экспортты болған жоқ.

- 3) акционерлік қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер

- Қоғам сот процестеріне қатысқан жоқ.

- 4) соңғы бір жыл ішінде уәкілдемі мемлекеттік органдардың және/немесе соттың акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына тартқан барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер

- Нақты қызмет атқару кезеңінде Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілік өндіріп алу артылған жоқ.

5) Тәуекел факторлары

Төменде келтірілген тәуекелдердің ежей-тегжейлі талдауы бағалы қағаздардың үйімдастырылған нарығында акциялар бағасына әсер етуі мүмкін:

- экономикалық факторлармен байланысты тәуекелдер

Мұнай мен көмірсутегі шикізаты бағасының түсі. Қоғамның қаржы жағдайы мен қызмет нәтижелері мұнайдың басым бағасына байланысты болады. Негізінен, мұнай-газ нарығы бұрыннан бері басымдылығымен ерекшеленеді. Тиімді басқару Қоғамға мұнай өндірудің өзіндік құнының төмендеуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезеңінде Қоғам қомақты шығындар көтермес бұрын шикізат бағасын қомақты төмендетеді. Қазіргі кездегі бар мұнай бағасына қатысты болжамдар мен күтуперге сәйкес сарапшылар бағаның түсі негайбыл деп санайды.

- Өндіру көлемінің қысқаруымен байланысты тәуекелдер

Қазіргі бар Қоғамның ресурстық базасы және жана есеп пен бекіту есебінен қорлардың жоспарлы есуі жұмыс бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажетті өндіру көлемін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- Бәсекемен байланысты тәуекелдер

Қазіргі уақытта көмірсутегі шикізаты бағасы жағынан есіп жатқан сатылатын өнім болып табылатындықтан, талдаушылар энергетикалық ресурстардың тұтынушының есуін болжайды, бәсекемен байланысты тәуекелдер өте аз.

- Валюталық тәуекелдер

Мұнай мен көмірсугегі шикізатын сатқанда бағалар мен есеп айрысуоап АҚШ долларында көрсетіледі, ал шығындардың негізгі бөлігі тенгемен жүргізіледі. Багамның ауытқуы (доллардың тенгеге қатысты түсі) Қоғам қызметіне теріс етуі мүмкін.

- Инфляцияның, девальвацияның өсуімен, банктік пайыз мөлшерлемесінің өзгеруімен шартталған тәуекелдер**

ҚР экономикалық жағдайдың тұрақтануы (инфляция қарқынының және онымен байланысты ҚРҰБ мөлшерлемесінің түсуімен байланысты) Қазақстан нарықтарында мөлшерлеменің түсіне және сәйкесінше банктік пайыз мөлшерлемесінің түсіне алып келеді. Бірақ, осы тәуекел әрқашанда болады және Қоғамның қызметіне әсер ете береді, себебі кәсіпорынның кез келген қызметі несие, валюталық, пайыздық, инфляциялық, басқа да қаржы тәуекелдерінің әсеріне үшірауда.

- Заңнамалық тәуекелдер**

Қоғам екі негізгі құжаттың – «Жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР заңының және Қоғам мен ҚР Үкіметі арасында жасалған Жер қойнауын пайдалану шартының негізінде қызмет атқарады. ҚР Үкіметі жер қойнауын пайдалану лицензиялары күшінде болатын уақытта осы құжаттардың өзгермейтіндігіне кепілдік береді. Әйтсе де, Жер қойнауын пайдалану шартына, «Жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР заңына енгізілетін ықтимал өзгерістерге қатысты белгілі бір тәуекел дәрежесі бар. Өзгерістердің енуі қаржы өзгерістеріне және Қоғам қызметінің нәтижелеріне оң және теріс әсер етуі мүмкін.

- Техникалық факторлармен байланысты тәуекелдер**

Қоғам мұнай кәсішілік жабдықтардың, арнайы техниканың, көліктің уақтылы жөнделуі мен ауысұына ерекше көңіл бөлуді жоспарлап отыр.

- Экологиялық тәуекелдер**

Қоршаған ортаға шығын келтіру тәуекелдері. Мұнай мен газды өндіру қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекелдерін қамтиды, бұл салдарларды жою шығындарына әкеледі. Қоғам қауіпсіздік техникасын сақтауды, үнемі және жеткілікті көлемде табиғатты қорғау корына міндетті төлемдер төлеп тұруға, кенорындарында экологияға зиян келтіретін авариялық жағдайлардың туындау тәуекелін қомақты төмендететін жана технологияларды пайдалануды жоспарлап отыр.

Қоғамның қызметі мемлекеттік органдардың тараҧынан (экологиялық, жер қойнауын қорғау органдары, мемтехқадағалау, санэпидемстанция) бақылануға тиіс. Экологиялық заңнамадағы өзгерістер Қоғам қызметіне әсер етуі мүмкін, бұл өндіріс құнының қомақты арттыруға немесе Қоғам кенорындарындағы өндіру экономикалық тиімсіздікке алып келуі мүмкін, бұл ез кезеңінде Қоғамның қаржы жағдайы мен қызмет нәтижелеріне қомақты әсер етуі мүмкін. Болашақта Қоғам акцияларының нарығында теріс көрініс табатын құқықтық реформалардың оқыс өзгеруі байқалмайды.

- Әлеуметтік тәуекелдер**

Қоғамның әлеуметтік және кадрлық саясаты жоғары білікті мамандарды тартуға және қызметкерлерді әлеуметтік игіліктермен мол қамтамасыз етуге бағытталған. Қажетті біліктілікті жұмыскерлердің жетпеу мәселесі тиісті оку орындарында оқыту арқылы, соның ішінде ел кәсіпорындарында үйрету және тәжірибе жинау арқылы шешілуде.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

27. Инвестициялары

- 01.10.2010ж. Қоғам басқа үйымдардың капиталына ұзак мерзімді инвестициялар салған жоқ. Қоғамның бағалы қағаздар портфелі мен басқа инвестициялары жоқ.
- Қоғамның инвестиациялық портфельді басқару жөніндегі стратегиясы жоқ.

28. Дебиторлық берешегі

- 01.10.2010ж. Қоғамның дебиторлық берешегі болған жоқ.

29. Активтері

- Проспект құрастырылған күні Қоғамның мүлкі болған жок.
- Қоғам міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын немесе сенімді басқаруга берілген активтері жок.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер

- 01.10.2010ж. жарғылық капиталы - 72 064 000 (жетпіс екі миллион алпыс төрт мың) теңге.
- 01.10.2010ж. меншікті капиталы - 72 064 000 (жетпіс екі миллион алпыс төрт мың) теңге.

31. Қарыздар

- 01.10.2010ж. Қоғамның облигациялары, банктік қарыздары мен несие желілері жок.

32. Қоғамның негізгі қызметін атқаруымен байланысты кредиторлық берешегі

- 01.10.2010ж. Қоғамның кредиторлық берешегі болған жок.

5. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

- Қоғам қаржы ұйымы емес.

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

44. Қоғамның ертеректе тіркелген бағалы қағаз шығарылымдары жок.

44-1. Қоғам акциялары бағалы қағаздарының ұйымдастырылған рыногында айналатын болса, жылдарға беліп, соңғы аяқталған үш жыл ішіндегі, тоқсандарға беліп, соңғы аяқталған екі жыл ішіндегі, акциялар шығаарылымының проспекті күнінен бастап соңғы алты ай ішіндегі акциялардың ең жоғарғы және ең төменгі нарықтық құны туралы мәліметтерді көрсету керек.

- 01.10.2010ж. акциялар шығарылымы тіркелмеген, сәйкесінше Қоғам акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналмайды.
- Қоғамның тіркелген акциялары КР заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналуға құқылы.

7. ЖАРИЯЛАНГАН АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**45. Акциялар туралы мәліметтер**

1) жарияланған акциялардың саны, түрлері	72 064 (жетпіс екі мың алпыс төрт) дана жай акциялар жарияланған
2) Құрылтайшылар арасында орналастырылатын (орналастырылған) акциялардың саны, түрі	72 064 (жетпіс екі мың алпыс төрт) дана жай акциялар орналастырылатын
3) Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны	Құрылтайшы төлейтін бір акцияның номиналды құны – 1000 (бір мың) теңге.
4) Артықшылықты акциялар бойынша кепілдік берілген мөлшер	Артықшылықты акциялар шығарылымы қарастырылмаған

- 45-1. Тұрақтандырушы банктің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналды құны туралы мәліметтер (тұрақтандырушы банк толтырады)**
- Қоғам банк емес.

- 46. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары**
- Айырбасталатын бағалы қағаздар қарастырылмаған.

- 47. Төлем агенті туралы мәліметтер**
- 01.10.2010ж. төлем агенті жоқ.

- 48. Акционерлік қоғамның тіркеуіші туралы мәліметтер**
- Акционерлік қоғамның тіркеуіші - «Фондовый центр» акционерлік қоғамы («Фондовый центр» АҚ), 050091 Алматы қ., Желтоксан к-си, 79а, т. +7 (727) 2508-960, ф. +7 (727) 2501-676, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен 2005 жылғы 15 маусымда бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті атқаруға берілген лицензия № 0406200386). 22.11.2010ж. акция ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет атқаруға шарт № 22/11.

8. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

50. Инвесторларға арналған ақпарат

- Ұқытимал инвесторлар Қоғам жарғысының көшірмесімен, акциялар шығарылымының проспектімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есептермен келесі мекенжай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Медеу ауданы, Фурманов к-си, 149, 18- кеңсе. Жарғыға сәйкес Қоғамның қызметі туралы негізгі ақпарат «Заң газеті» және «Казахстанская правда» басылымдарында жарияланады.

Уәкілдемдегі тұлға
МО



Калмырзаева О. А.


Прошуто и пронумеровано

№ 3
Казақстан Республикасының Қаржы
нарығын және ірі өндөрлөгүндарының лицо
реттегүү мен калыптасууда "Мунай»

ТИФКЕДА
Калмырзаева О.А.

2013 ж. 15 наурызда

"Казақстан Республикасының Қаржы нарығын және ірі өндөрлөгүндарының лицо реттегүү мен калыптасууда "Мунай» ТИФКЕДА Калмырзаева О.А.



БЕКІТІЛГЕН
«Айда Мұнай» акционерлік қоғамы
құрылтайшыларының жалпы жиналышының
2010 жылғы 21 қыркүйектегі хаттамасы

**«Айда Мұнай» АҚ
акцияларын сатып алғанда олардың құнын айқындау әдістемесі**

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Әдістеме «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына және «Айда Мұнай» АҚ (бұдан былай – Қоғам) Жаргысына сәйкес өзірленген және сатып алғанда Қоғамның орналастырылған акцияларының құнын айқындау әдістемесін белгілейді.
2. Осы Әдістеме Қоғам құрылтайшыларының жалпы жиналышының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі хаттамасымен бекітілген.
3. Қоғамның қазіргі акционерлері осы Әдістемемен танысуга құқылы.
4. Қоғам орналастырылған акцияларын кейіннен сату, акционерлерінің құқықтарын сақтау (акционерге тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу міндеттемесі Қоғамда туындаған жағдайда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жаргысына қайшы келмейтін басқа мақсаттарда сатып алады.
5. Қоғам Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен белгіленген талаптарды есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының резиденті – акционерлер үшін белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасының резиденті емес – акционерлерден орналастырылған акцияларын сатып алады.

2-тaraу. ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРЫН ЖАЛПЫ САТЫП АЛУ ТАЛАПТАРЫ

6. Қоғам муддесін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алп, Қоғам Басқармасы Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне өтініш беруге құқылы. Бұл орайда, Қоғам Басқармасының өтінішіне келесілерді қамтитын акцияларды сатып алу жөніндегі ұсыныстар қоса ұсынылуы керек:
 - сатып алу мақсаттылығының негізі және Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу мақсаттары;
 - Қоғам сатып алуға ұсынған Қоғамның орналастырылған акцияларының саны мен түрі;
 - орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын айқындау әдістемесі;
 - сатып алудың басқа талаптары.
7. Басқарманың өтінішімен келіскең жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Әдістемемен қарастырылған жағдайларда орналастырылған акцияларын сатып алуға құқыксыз.
9. Қоғам сатып алғатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспау керек, ал Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға кеткен шығындар менишкіті капитал мөлшерінің он пайызынан аспау керек:
 - 1) акционердің талап етуімен орналастырылған акцияларды сатып алғанда – акционерлердің жалпы жиналысы осы Әдістеменің 23-тармағында аталған шешімдердің бірін қабылдаған күнгі жағдай бойынша;
 - 2) Қоғамның бастамасымен орналастырылған акциялар сатып алынғанда – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша.
10. Акционерлер сатып алуға ұсынған Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны Қоғам сатып ала алғатын акциялардың санынан асып кетсе, сатып алуға ұсынылған акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына пропорционалды түрде сатып алынады.
11. Акционерлерден Қоғамның акцияларды сатып алу пропорция коэффициенті келесі түрде есептеледі:

$$K = A / C, \text{ мұндағы}$$

K – пропорция коэффициенті;

A – Қоғам шығаруға жариялаған акциялардың жалпы саны;

C – сатып алуға ұсынылған Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны.
12. Қоғам акционерден сатып алғатын акциялардың ақыргы саны акционер сатып алуға ұсынған акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі. Жоғарыда сипатталған есепті қолдану нәтижелері бойынша Қоғам акционерден сатып алғатын акциялардың саны акциялардың бүтін саны болмаса, Қоғам акционерден сатып алғатын акциялардың саны аз немесе көп жаққа қарай дәңгелектенеді.
13. Қоғам акционердің жеке басын, еңбек қабілеттілігін, оған менишкі құқығында тиесілі Қоғам акцияларының санын анықтап, Акцияларды сатып алу-сату шартына, Акцияларды есептен шығару/есепке алу бұйрықтарына қол қойып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіpte акцияларды сатып алу-сату мәмілесін тіркегеннен кейін орналастырылған акцияларын сатып алады.
14. Акцияларды есептен шығару/есепке алу бұйрықтары (бұдан былай – Бұйрықтар) Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінде сатып алынған бағалы қағаздар үшін Қоғамның шотына акционердің жеке шотынан акцияларға менишкі құқығын қайта тіркеу үшін негіз болады.
15. Бұйрықтарды қабылдайтын тіркеуші маманы немесе Қоғамның бағалы қағаздар жөніндегі жұмыскері құжаттардың дұрыс толтырылуын тексеріп, Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесіндегі деректермен салыстырады.
16. Бұйрықтар Қоғам сатып алғатын акцияларды сатуға өтінімдер қабылданатын бүкіл мерзім бойы күн сайын қабылданады.
17. Акцияларды сатып алу-сату шарты міндettі түрде сатып алынатын акциялардың төлеміне қолма-қол ақшалай емес тәртіpte ақша аудару үшін акционердің (занды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банктік деректемелері туралы мәліметтерді немесе акционерлер сатып алынатын акциялардың төлеміне қолма-қол ақша ала алғатын (акционерлер – жеке тұлғалар) жер, дәл тұрғышты мекенжайы, байланыс телефоны туралы мәліметтерді қамтуы керек.

18. Акцияларды сатып алу бойынша акционермен ақырғы есеп айрысу Акцияларды сатып алу-сату шарттымен белгіленген тәртіpte жүргізіледі.
19. Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің келісімімен ақшадан басқа Қоғам мүлкімен сатып алынатын акцияларды төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
20. Осы Әдістеменің 2-тарауы тармақтарының күші осы Әдістеменің 3, 4-тарауларына тарайды.

3-тарау. ҚОҒАМНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

21. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, Қоғамның Жарғысымен басқаша белгіленбесе, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде акционердің келісімімен орналастырылған акцияларды өз бастамасымен сатып алуға құқылы.
22. Қоғам кем дегенде он бес мың данада шығарылатын және Қазақстан Республикасының аумағында таралатын газет басылымдарында орналастырылған акцияларын сатып алу туралы ұсыныс жариялады.
23. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы ұсыныс бар басылымдағы жазбаша хабарлама немесе жарияланым келесі мәліметтерді қамтуы керек:
 - 1) сатып алатын акциялар саны;
 - 2) Қоғам акцияларын сатып алу бағасы;
 - 3) акцияларды сатып алу шарттары;
 - 4) акционерлер акцияларын сатып алуға ұсына алатын жер (жерлер);
 - 5) Қоғам акционерлері Қоғамның сатып алынына акцияларын ұсына алатын мерзім.
24. Қоғам келесі жағдайларда орналастырылған акцияларын сатып алуға құқықсыз:
 - акционерлердің бірінші жалпы жиналысы өткенге дейін;
 - акциялар орналастыру нәтижелері туралы есеп әлі бекітілмеген туралы сол шығарылым акциялары болса, акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есеп бекітілгенге дейін;
 - акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ең аз жарғылық капиталдың мөлшерінен азайып кетсе;
 - сатып алу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса немесе осы белгілер Қоғамның акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болатын болса;
 - сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса;
 - Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасымен және/немесе Қоғам Жарғысымен қарастырылған басқа жағдайларда.
25. Қоғамның бастамасымен сатып алынатын орналастырылған акциялардың саны жалпы санының бір пайызынан асатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін ол акционерлеріне осындай сатып алу туралы хабарлауға міндетті.

Акциялардың сатып алу бағасын айқындау әдістемесі

26. Қоғамның өз бастамасымен орналастырылған акцияларын сатып алу бағасы алғашқы орналастыру кезінде құрылтайшы төлеген номиналды құнына тең.

4-тaraу. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАП ЕТУІМЕН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

27. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысын, аталған шешімге қарсы дауыс берсе, құқықтарына нұксан келтіретін келесідей шешімдер қабылданған жағдайдаған езіне тиесілі акцияларды сатып алады талап етуге құқылы:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта үйімдастыру туралы шешім;
- 2) Жарғыға немесе Қоғам акцияларының шығарылым проспектіне осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарын шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылданғанда;
- 4) Сауда-саттық үйімдастырушысы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдағанда;
- 5) КР заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіpte қабылданған ірі мәмілені және (немесе) Қоғам жасауға мүдделі мәмілені жасау туралы шешіммен келіспегендеге.

28. Осы Әдістеменің 23-тармагында аталған негіздер болған жағдайда акционер акционерлердің жалпы жиналысы/Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап немесе сауда-саттық үйімдастырушысы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күннің ішінде Қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы езіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қоюға құқылы.

29. Қоғам аталған өтінішті алған күннен бастап отыз күннің ішінде акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

30. Қоғам осы Әдістеменің 2-тарауымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талаптарды есепке ала отырып, акцияларды сатып алады.

Акциялардың сатып алу бағасын айқындау әдістемесі

31. Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу бағасын анықтау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі келесі әдістердің бірімен анықталған бағала акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауга құқылы:

- акциялардың ағымдағы нарық құны;
- акциялардың баланстық құны.

32. Акциялардың ағымдағы нарық құны бойынша акцияларды сатып алу

Қоғам акцияларының ағымдағы нарық құны Қоғам акциялары KASE бағалы қағаздар ресми тізімінде болған жағдайда «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) үлестік және қарызыдық бағалы қағаздардың нарық баға деректерімен алталауқ файл негізінде анықталады.

Акциялар бағалы қағаздардың үйімдастырылған нарығында саудаланбаса және KASE ресми тізімінде болмаса, акциялардың ағымдағы нарық құнын анықтағанда жалпы қабылданған тәсілдердің әдістері: кірістілік, салыстырмалы және негізінде бүкіл акционерлік капиталдың нарықтық құнын анықтау жатқан активтер құны негізіндегі тәсіл қолданылады.

Кірісті тәсіл шеңберінде бизнестің құны пайданы жинақтау әдісімен және дисконтталған ақша ағындары әдісімен анықталады.

Салыстырмалы тәсіл үш негізгі әдісті: капиталдар нарығының әдісін, мәмілелер әдісін, салалық коэффициенттер әдісін пайдалануды болжайды.

Активтер құнының негізіндегі тәсіл таза активтер әдісімен анықталады.

Жоғарыда аталған әдістермен акциялардың нарықтық құнының бағасын есептегеннен кейін субъективті таразылау әдісімен бірынғай нарықтық құны шығарылады.

33. Акциялардың баланстық құны бойынша акцияларды сатып алу

Акциялардың ағымдағы дәл нарықтық құнын анықтау мүмкін емес болған жағдайда Қоғам акционердің өтінішімен орналастырылған акцияларды баланстық құны бойынша сатып алады.

Бір акцияның баланстық құны меншікті капиталдың орналастырылған жай акциялардың жалпы санына қатынасы ретінде анықталады.

34. Акционер ұсынған сатып алу бағасымен келіспеген жағдайда тараптар өз араларындағы келісім бойынша сатып алу бағасын белгілеуге құқылы. Тараптар сатып алу бағасы бойынша бір келісімге келе алмаған жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіpte шешіледі.

5-тaraу. Корытынды ережелер

35. Осы Әдістеме Қоғам құрылтайшыларының жалпы жиналысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

36. Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғам Жарғысының өзгеру нәтижесінде осы Әдістеменің жекелеген балтары оларға қайшы келген жағдайда Әдістеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін белгінде қолданылады.

Уәкілетті тұлға
МО



Калмырзаева О.А.